

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Т.РЫСКҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№5 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

БҰЙРЫҚ №90/Ө

Д.Қонаев ауылы

2 қыркүйек 2024 жыл

« Оқу жылының басталуын, ұзақтығын және канткул кезендерін айқындау туралы»

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының 5- бабының 38- тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің 2024 жылғы 10 шілдедегі «орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін айқындау туралы» №174 бұйрығына сәйкес және Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы «Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі» КММ 26 тамыз 2024 жылғы №465-Ө бұйрығын негізге ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. №5 орта мектебі 2024-2025 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезендерінің мыныдай мерзімдері айқындалсын:

1) 2024-2025 оқу жылының басталуы 2024 жылғы 2 қыркүйек;

2) 1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1- тоқсан- 8 оқу аптасы, күзгі демалыс - күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2- тоқсан -8 оқу аптасы, қысқы демалыс - күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3- тоқсан -10 оқу аптасы, көктемгі демалыс - күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда: қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда.)

4- тоқсан – 8 оқу аптасы

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісінің меңгерушісі 3. Сейтасовқа жүктелсін.



Мектеп директоры

Н. Касенов